

ФТАХР 17.71.07

АРХАИКАЛЫҚ ЭПОСТАРДАҒЫ ҚАҒАРМАННЫҢ ҮЙЛЕНУ МОТИВІНДЕГІ ТОТЕМДІК БЕЛГІЛЕР

Н.А. Мажиева

6D011700-Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының PhD докторанты

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,

Алматы қ., Қазақстан, e-mail: nmazhi72@gmail.com

Ғылыми жетекші: PhD доктор Н.С.Балтабаева

Мақала архаикалық эпостардағы батырдың қилы оқиғалары туралы сөз қозғалады. Архаикалық жырлардың сюжеттік желісі түрлі оқиғалармен ұштасуын қарастырады. Жырдың негізгі тақырыбы қаһармандықпен үйлену мотивіндегі тотемдік белгілері эпикалық аңыздардың ең ескі сарыны, яғни әлі де зерттеуді қажет ететін ерекше тақырыптардың бірі. Жырдың мазмұны наным-сенімдік, мифтік, тотемдік белгілері жайында кеңінен қозғалады және осы мәселе фольклор бөліміндегі күрделі талдаулар болып келеді. Отандық ғалымдардың зерттеулері мен тақырыптары басқа бағытта болғандықтан, біздің басқа қырынан қарастырылған жұмыс өзектілігін жоя қоймайды. Қазақ эпостарындағы халықтың қалаулы ұлы мен аяулы аруларының өнегелі істерін жас буын, келешек ұрпаққа үлгі етеді.

Түйін сөздер: архаикалық эпос, типология, қаһарман, мотив, тотем, наным-сенім

Кіріспе

Ежелден қалыптасқан көне (архаикалық) эпос жанры туралы ғылыми зерттеулер өте көп. Архаикалық эпостың типологиялық формасының қалыптасуы жайлы «Қазақ әдебиетінің тарихы (фольклорлық кезең)» жан-жақты айтылған.

XX ғ.б. қазақ фольклорында көптеген жанрлардың пайда болғаны белгілі. Соның бірі қазақ эпосы жанрларының ішіндегі - архаикалық эпосы ең тартымдысы десек қателеспеспіз. Өйткені әр жырдың мазмұны, сюжеттік желісі бір-біріне ұқсамауының өзі басқа жанрлардан ерекшеленуі деп білу құптарлы. Осыған орай: «Көне эпостар ішкі тақырыптық, сюжеттік құрамы бойынша біркелкі емес...» [1; 271] - деген нақты талдауы келтірілген. Жанрдың ерекшелігі, адамзаттың ерте дәуіріндегі сана сезімдерінің дамуы, жаратылуы мен түсініктерінің қалыптасуы туралы әртүрлі мазмұнда кездеседі. Яғни, жанрдың ертегілік сарыны мен мифтік белгілер басымдау болып, Қаһарман мен кейіпкерлердің түрлі тайпалық қақтығыстар туралы аңыздардан негізделген оқиғалардың сюжеті ерлік туралы туындайтын мотив түрлері көп баяндалады.

Алғаш архаикалық эпосқа жататын жырлар туралы ғалымдарымыздың әртүрлі пікірлері әлі де талас туғызатыны анық. С.Қасқабасов «Қазақтың халық прозасында» «Құламерген», «Еділ, Жайық», «Таласбай мерген» сияқты жырларын архаикалық батырлық ертегінің негізін қалаған хикаялар деп қарастырады [2; 219]. Сол сияқты, «Жомерген», «Дотан батыр», «Құбығұл», «Мәлік батыр», «Арық мерген» шығармалары жанрлық белгілері бойынша ежелгі эпостарға жатқызылуда. Бұлардың қатарына «Мұңлық-Зарлық» жырын да қосуға болады [3; 296]. Архаикалық эпос тайпалық жүйенің кезеңінде қалыптасады. Ол миф пен ертегілердің көркем арсеналына сүйенеді. Сондай ертегілік басым, бірақ көлемі мен сюжетінің көркемдігі шығарманың жанрлық ерекшелігін оқшаулайды. Осы жанрдың сюжеттік мазмұны, көркемдік ерекшелігі, типологиялық ұқсастықтары, мифологиялық кейіпкерлер мен наным-сенімдік оқиғалар желісі жырды көркейте түседі.

Қазақ жырларындағы халықтың көтеретін мәселесі тек қана тайпаны, отбасы, халқын қорғау ғана емес, шешуші екі ел арасы тартыстардың соңын қантөгіс болдырмауға негізделген. Әрине, батырдың алдында тек қана өзін күткен қиыншылықтар мен бөгеттерден өтіп, жеңіске жететіні айтылып қана қоймайды, сонымен бірге оның өзіндік нормаларды сақтағаны, оны орындағаны туралы да сөз қозғайды. «Көріп алған көріктіден, көрмей алған текті артық» деген халық мақалы

дөп басып айтылған ба дейсіз?! Сондықтан адам өміріндегі осы бір аса нәзік, аса шетін мәселе қай жырды алмасаңыз да, оның негізгі өзегін құрайды. Олардың мазмұнынан халықтың ұғым түсінігін, танымын, салт дәстүрін танимыз. Қай жырды алсаңыз да жайсаң жар, аяулы жансерік іздемейтін батыр жоқ. Әр отбасының тілеуі, ер жігіттің арманы осыған саяды. Ал қыз бала жат жұрт үшін жаралған тағдыр иесі. Сол себептен қазақ эпостарында батырдың ерлігі, халқын қорғауы арқылы жерін сақтап қалуы, жарын іздеп, үйленуі, т.б. іс әрекеттері суреттеле баяндалып, жастарды дәстүрлі тәрбиеге бағыттайды.

Осыған байланысты батырдың үйлену мотивіндегі тотемдік белгілерді қарастыратын болсақ, бұл мотивтің қазақ жырларында көптеп кездесетінін аңғарамыз. Ол, «Асан қайғы», «Ер Едіге», «Құламерген, Жоямерген», «Құбығұл», т.б. шығармаларынан көрінеді.

Жырдың мазмұны адамның ерте кезден өмір сүруі, санасы мен түсінігінің қалыптасуы айтылған. Яғни, адамның күннің шуағынан, түрлі жануарлардан, өсімдіктерден, т.б. тотемдік белгілерден таралуы туралы түсінік қалыптасқандығына көз жеткіземіз. Халықтың өз тотемі ретінде, яғни өз жануары (бұғы, бөрі, киік, жолбарыс, т.б.) тотемі болып, оны пір тұтып наным-сенімдік түсінік болған.

«Totem» ғылыми термин туралы ғалымдардың пікірлері аз емес. Соның бірі Дж.Фрейзердің пікірі бойынша, «Totem worship is essential to the existence of the gens and shows itself in the most various ceremonies; the totem animal also respects the clansman» [4; 96] – деп тотемнің табиғат пен адамзаттың санасына немесе бейсаналығына қарамастан түрлі сиқырдың әсері арқылы болуы деп түсіндіреді. Яғни, тотемизм - өсімдіктер мен жануарлардың барлық түрлерін тудыратын магия деген пікірді ұстануға болады. Осыған орай, фольклордағы тотемизм туралы атақты тарихшы-этнограф М.О.Косвен [5; 157], орыс ғалымы В.Я.Пропп [6; 241] еңбектерінде өзіндік пікірлері мен талдаулары жұмысымызға мол үлесін қосты.

Соның ішінде архаикалық жанрында тотемдік белгілердің жиі кездесуі түсінікті жағдай. Мәселен, көне эпостардағы әдеттегі батырдың күш қуаты ғажайып көркемделіп, табиғатпен тілдесу, барса келмес сапарлар, тотемдік хайуанға немесе табиғат жаратылысымен байланысы арқылы үйлену сарындары ертегілік желісінің басымдығының көрінісі деп есептеуімізге болады. Осыған орай, тақырыбымыздың негізгі мақсаты жырдағы батырдың қаһармандықпен үйлену мотивіндегі тотемдік белгілерінің көрінісі. Архаикалық эпос сюжеттерінде жиі кездесетін үйлену мақсатындағы сапарлары және сол жорықта түрлі сыннан өту желісі.

Осы қарапайым ғашықтың қалыңдығын іздеу соншалық тартыс пен күреске алып келу себебі де түсінікті. Рулық түсінік, діни нанымдар, дәстүрлі ғұрыптар адамның өміріндегі жолы мен міндетін күн ілгері белгілеп қойған заманда кейіпкердің өз тілегін жеке аңсарын айтудың, сол жолда өзгелердің пікіріне кереғар барудың күрделі кедергілер мен орасан оқиғалар тудыратынын көреміз. Ерте кезде жастардың еркін махаббаты төте күрделі жолды, табиғи түрде шешілместей қиын түйін болған. Сол себептен де жырда олардың өзара мәселесі ғажайыптың, қиялдың, ерекше күштің, «жебеушінің» көмегінсіз мұратқа жетпейді.

Сондай-ақ, «Құламерген, Жоямерген» мен «Құбығұл» эпостарының ерекшеліктері бір қилы. Мысалы, «Құламерген, Жоямерген» жырындағы жер асты патшасы Жыланбектің қызы Күнсұлуды әйелдікке алуының өзі тотемдік белгінің көрінісі. Мұндағы Жоямергеннің үйлену сарыны түрлі ауыр сындарды төтеп барып жарын алатына көз жеткіземіз. Ал, «Құбығұл» түсінде көрген қызға ғашық болып, сондағы ханның қызы Ақбілектің «кел» деп шақыруы жас жігітті қайрап, тілегін әлденеше рет қайталауы күллі оқиғалық байланыстардың дамуына себепкер болады. Қаһармандардың әрбір әрекеті күн ілгері түс көру арқылы мәлімделіп жатады. Көне дәуірлерде адамға қаскөй күштердің жылан, айдаһар формасында көрінуі мейлінше табиғи еді.

Аталған тақырып бойынша «Ер Едіге» жырында үйлену мотиві болғанымен, қаһармандық желісі кездеспейді. Мұндағы желі тек екі ғашықтың үйлену сарындағы тотемдік белгілердің көрінісі бар. Мысалы, әулие Баба-Ғұмардың қызға көзі тигеннен жүкті болып, Бабай Түкті Шашты Әзіз атты ұл туады. Өсе келе Бабай Түкті Шашты Әзіз дарияның астында өмір сүретін су перісіне ғашық болып, су асты патшалығына сұңгиді. Екеуі бірін-бірі ұнатып үйленеді. Осыған орай, Бурят халқының эпостарының типологиялық ұқсастықтарын қарастыруға болады. Мұндағы эпостарда қаһармандық жырларға тән нышандар да толық. Бұған тағы да мысалдар келтіруге болады. Өзі аспан әміршісінің ұлы, жер бетінің азаткері Гэсэр жер астындағы су патшасының қызы Алма

мергенге үйленеді. Міне, осының өзінен де эпоста адамдардың аспан, жер, су әлемі туралы көне ұғымының көрінісі байқалады.

Қырымның қырық батырының бірі «Дотан батыр» жыры. Бұл эпос мифтік кейіпкерлерге, полигамиялық неке түрі мен тотемдік көріністерге толы. Полигамиялық неке түрі қазақтың халық ауыз әдебиетінде ғана емес, барлық жазба әдебиетінде де көптеп кездеседі. Әрине, некелесудің бұл түрі туралы қарсы пікірлер туу мүмкін. Сондықтан мұны ислам дінін ұстануға, шарият қағидаларына байланыстыруға негіз бар. Сонымен бірге көп неке құрудың да сол заманның өзіндік себептері де жеткілікті болған.

Сондықтан өзіне әйел болар қалыңдықты елден ел аралап, жерден жер кезіп іздеп, түрлі мәдениеті мен дәстүрлері, қиындықтар мен кедергілерден сүрінбей өтіп, мақсатына жету немесе қарсылас батырды жеңу арқылы қаһармандық іс әркеті арқылы өзіне жар ету ұғымы негізінен ежелгі түсінікке барып тіреледі. Ал кейіннен жырлар желісінде кездесетін көп әйел алушылық үрдісінің көрінуі ислам түсініктерінің таралуымен байланысты болған. Мысалы, «Дотан батыр» батыр жырында кездесетін байдың 40 баласы оның 9 әйелінен туғаны деген.

«Дотан батыр» жырында ағаларын іздеп, ұзақ жолға шыққандағы оған «құралайды көзге ататын мерген», саққұлақ, желаяқ, көзбайлаушы» жолдас болады. Әрқайсысы белгілі бір мифтік образды құрайды. Желаяқ – желдің иесі болса, Көлтауысар – көл, таусоғар – таудың иелері, яғни тылсым күш иелері, пірі болып саналған. Олар көп қиыншылықтан осылардың көмегі арқылы өтеді. Орыс ғалымы В.Л. Пропп пен қазақ ғалымы С.Қасқабасов бұл кейіпкерлерді «рух иелері» («духи-хозяева») деп атаған мифтік бейнелері туралы және ғылыми тұжырымдарына алып қосарымыз жоқ.

Осы сарында ғалым Ж.К. Лебедева Қиыр Солтүстіктегі эпостық жырларды салыстыра отырып, мынадай тақырыптарға бөлген:

1. Әйел кейіпкердің өзіне жар іздеу тақырыбы;
2. Батырдың әйел алуы туралы [9; 12] т.б., тақырыптар кездеседі. Бұл тақырыпта қазақ жырларының қайсысын болмасын, ана ерке заманының көрінісі, аттары аңызға айналған Тұмар ханша, Бопай қыз, Гауһар батыр қыз, т.б., қазақтың қайсар, ержүрек қыздарымыздың ақыл парасаты, күш-қайраты өз мүддесі ғана емес отбасы, елім деген қайратты қыздарымыз қаншалық.

Осыған орай, мысалы «Қорқыт ата» шығармасында қыздың жігітке шарт қоюы, екеуінің сайысы анық көрсетіледі. Мысалы, «Қам Бурабек ұлы Бамсы Бәйрік» жырында жігітке қыз бетіне перде тұтып барып, «Ол саған көріне қояр қыз емес» – деп бірнеше шарт қояды. «Ат жарыстан, оқ атыстан, күш сынасудан жеңген соң ғана келісім беріп, қолына жүзік салдырады» [10; 146]. – деген шарттары қыздың қаншалықты күш иесі екенін дәлелдейді. Ал батырдың өзінің қалауына қояр талабы ерекше болуының себебі неде? – деген сұрақ туу мүмкін. Екі елдің аты шулы бірі еліне аты шыққан батыры болса, бірі ақылына көркі сай, сондай-ақ ерге бергісіз күш иесі болған батыр қыз. Сондағы өзге жырлардан өзгешелігі жауынгер қыздың талабын орындап немесе бір көргеннен ғашық болып жатпайтындығын көреміз. Мұндағы мақсат өзінің болашақ жарының өзі қандай болса, қалыңдығының да ерекше болуын талап ететіндігіне көз жеткіземіз.

Осыған орай, архаикалық жырларындағы қаһармандықпен үйлену мотиві ана ерке дәуірінің қалдықтары көрініс береді. Мұндағы қаһарманның мақсаты әйел алуы болмауы да мүмкін. Жырлардағы түрлі оқиғалардың негізінде болашақ қалыңдығына кез болады. Бірақ қол жеткізу оңайға түспейді. Көбінесе әкесі мен ағалары немесе қыздың өзі болашақ күйеуінің кім болары белгісіз болғандықтан түрлі сынақтардан өтуін талап етеді. Сыннан өту барысындағы олқылықтар, мифтік кейіпкерлер, тылсым күштің әсері матриархат дәуірінің көріністері деп айта аламыз. Жырдағы қаһармандық іс әрекеті арқылы үйленген сүйгенін ұзақ уақыт күтіп, алда ешкімді күйеуі санамайтын қалыңдығы туралы Ғалым Р.Липец «жауынгер-қыздар» деген. Осыған орай ғалымның пікіріне тоқталар болсақ: *«Девка-богатырка как будто образец независимости. Но фактически-то она достается обычно герою после победы над нею, и дальше вступает как пленница, так же как и побежденный в поединке мужчины. Если она не теряет богатырскую силу, то большей частью как бы отказывается от ее применения, и активность воительницы утрачивается... т.е. становится мирными женами и матерями»* [11; 58], – дейді. Клавдия Элиан сақтардағы бұл дәстүр жайлы: *«Подобный обычай был известен у саков: «кто из саков хочет жениться на девушке, должен вступить с ней в борьбу. Если верх в борьбе остается за*

девушкой, побежденный боец становится ее пленником и поступает в ее распоряжение; только поборов девушку, может юноша взять ее в свою власть» [11; 23-24], – деген пікірі жоғарыдағы жайды жандандыра түседі. Ер жігітке осындай талапқа шыдау үшін орасан күшпен қоса, ақыл-айла да керек. Дегенмен, қыз бейнесі ер жігіт бейнесінен өзгеше. Ер жігіттің дүниеге келуі халықтың тыныштығын сақтайтын жан келуімен өлшенеді. Әйел адамның өмірдегі рөлі басқаша. Сол себептен халық фольклорында нәзік жанның батырларша соғысқа аттануын құптамайды.

Ал, алтайлық «Маадай-Кара» эпосы да өзіндік қырымен ерекшеленген. Өзіндік символдық белгілері, яғни ерте дәуірінің қалдықтары көрініс береді. Мұнда да батыр қиын тапсырмаларды орындағаннан кейін қалыңдығымен үйіне қайтады. Қалыңдықтың әкесі он өрімді алтын қамшыны сыйға тартады. Сол сияқты, Туындықтардың салт-дәстүрі бойынша қамшы әр адамда жалғыз ғана болуы тиіс екен де, оның білдіретін өзіндік ырымы барлығын көрсетеді, яғни, атының сәтті болуы, бақыт пен малының көбеюін білдірген. Егер қамшыны қайтарып алса, оның бақытсыздыққа ұшырауын білдіреді. Осыған орай, қазақ халқының үйленуге қатысты салт-дәстүрінде де қамшының орны ерекше деп атауға болады. Шешен халқы беташар дәстүрінде қыздың бетін пышақпен ашатынын айтады. Ол халықтың мінезінің өжеттігін көрсетеді. Ал, қазақ халқының қайсібір фольклорлық жанрын алмасақ та, онда өнерге деген құштарлық айқын сезіліп тұрады. Беташар бойынша келіннің бетін ашқанда кей жерлерде домбырамен ашса, кей жерлерде қамшымен ашатын дәстүр бар. Ол өнерлі болсын, ібіліс азғырмасын деген терең философиялық тұжырым береді. Сондай-ақ, мифологиялық түсінік бойынша үйдің төрінде ілініп тұратын қамшы ібілістен қорғайды деген сенім бар.

Сол сияқты, түркі тектес халықтардың ерте кезден баста тілдердің, салт-дәстүрлері мен үйленуінің бір-біріне ұқсас екендігін айта аламыз. Бұған халық ауыз әдебиеттеріндегі ортақ сюжеттер мен оқиғалардың қатар өріліп жазылғандығы, көркемдік шешімдерінің ұқсастығы, дүниетанымдық көзқарастарының ортақтығы дәлел бола алады.

Мысалы, «Хикаят рисала Мұңлық, Зарлық» жыры өзіндік көнелігімен ерекшеленеді. Жырдың негізгі тақырыбы - қаһармандықпен үйлену мотиві орын алады. Эпостарда жиі кездесетін перзетке зар болатын, алпыс әйелі бар - хан. Мұнда полигамиялық неке, яғни көп әйел алу салты кездеседі. Некелесудің бұл түрін қазақтың сіңісті дәстүрі деп санауға болмайды. Мұны ислам дінін ұстануға, шариғат қағидаларына байланыстыруға негіз бар. Батырлардың әйелдері кейде қырыққа немесе одан да көп болатындығы тарихымыздағы нақты деректерді келтіруімізге болады. Мұны жаугершілік заманның қалдықтары деуге де болатын секілді. Жаудан олжаға түскен тұтқын қыздар мен әйелдерді ерлігі асқан батырларға, сұлтандарға үлестіретін салт болған. Батырлардың әйелінің санының көбеюіне мұның да әсері болғаны сөзсіз. Бірақ бертін келе түсініктің өзгеруі, көп әйел алудың өзіндік себептері болғандығы белгілі.

Осыған орай, «Хикаят рисала Мұңлық, Зарлық» жырында хан әулие аралап жүргенде, тағы бір әйел алуына түсінде аян беріп, Қаншайымды әйелдікке алады. Арманына қол жеткен ханға Қаншайым бір ұл, бір қыз туып береді. Қызғаныштан көз аша алмаған алпыс әйелі мыстанға ұрлатып, суға лақтырып, орнына екі күшік салып жібереді. Жауыздыққа қарсы әр сиқырлы іс әрекетке жебеуші тылсым күш иелелері Ғайып ерен қырық шілтен суға түсірмей Зарлық пен Мұңлық екеуіне киікті ана етеді, мұнда тотемдік белгінің көрінісі берілген. Ғалым В.М.Жирмунскийдің осыған орай: Мотив «палеонтологиясы» тұрғысынан алып қарағанда хайуанаттың аналығын еміп өскен бала туралы әңгімелер адамның хайуанаттан туылғандығы туралы жайлы тотемдік аңыздың жұмсарған түрі, мысалы, Ромул мен Ромды қасқырдың қаншығы асыраған; парсы патшасы Кирді ит асыраған; Манастың ұлы Семетейді арқар емізген және т.б.», - [12, 214 б.] сөздері дәлел. Киіктің сүтін ішіп, пірлері қорғап, бала кезінен садақ тартып, мергендікті үйренген Зарлық күш иесі батыр атанады. Күлмес ханның еліне келіп батырлығын танытады. Күлмес хан батырдың қайсарлығынан қорқып қызы Құралайды әйелдікке береді. Бала кезден ғашық болған Қара дәу Құралайды алып қашады. Талайдың тісі батпай жүрген Қара дәуді жеңуге Зарлыққа оңай тимегені туралы жырда былай делінген:

Зарлық хандай баланың
Бақайшағы майысты,
Қабырғасы қайысты.
Айдаһардай ысқырып,

Балықтайын бұлқысты...
Зарлықхан батыр сол шақта
Қарадәуден бек састы, – [13; 61]

деп жырланады. Мұндағы Қарадәудің осал жау еместігін, оны жеңу оңайға түспейтінін түсінген Зарлық Алла тағалаға, әулиелерге жалбарынып, мінәжат етеді. Батырды пірі қолдап, жүз ердің күшін беріп, Қарадәуді жеңеді. Зарлық батыр Құралайға үйленеді. Мұнда батыр қаһармандық іс әрекетпен үйлену сарыны көрінісін береді. Адамзаттың табиғатпен байланысы, тылсым күштің әсері, наным-сенімдік көзқарастың орындалуы шығарманы әрлей түседі. Бірде ана еркі, енді бірде әке еркі өктемдік еткен заман ерекшелігінің сілемдерін біз көне ғасырлардан бері халқымызбен бірге жасасып келе жатқан бағзы дәуір жырларынан анық байқаймыз.

Айта келе, бұл сарынының тарихи тамыры тереңге бойлайды. Архаикалық жырлардағы жар іздеу, үйлену мотиві аса әсерлі бейнеленген. Онда тәңірілік таным белгілері де, тотемдік белгілері де, сол ислам діні шарттары да кездесіп, бір-бірімен астасып кеткен. Мұның өзі бір ру, тайпа, отбасы немесе халықтың мүддесін қорғаушы, ең сүйікті кейіпкерлерінің бойынан табандылықты, мақсаттан таймауды көздейтін асыл қасиеттерді көру ниетінен туған құбылыс деп есептеуге болады. Сол сияқты, жоғарыда тоқталып кеткендей, батырлардың бірнеше әйел алу мақсаты өзіндік себептермен туындайтыны туралы қазақ жырларында түрлі үлгіде көрінетіндігі туралы әлі де зерттеуді қажет ететіндігі сөзсіз.

Қорыта келе, жырдың негізгі мазмұны, сюжеттің идеялық бейнелеудегі көркемдік амалдарды зерделеуге тырыстық. Мұндағы болашақ жастар, оқырман мен тыңдарманына берер өсиеті осында.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақ әдебиетінің тарихы (фольклорлық кезең). 1-том. Алматы: ҚазАқпарат, 2008.- 812 б.
2. Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. Алматы, 1984.-272 б.
3. Ыбыраев Ш. Эпос әлемі. Алматы: Ғылым, 1993. Б.336 .
4. Frazer J.G. Totemism. (1887); «Observations on Central Australian Totemism» («Journal of the Anthropological Institute for (Great Britain etc.», февраль и май, 1899)
5. Косвен М.О. Очерки истории первобытной культуры. М., 1957. -245 с.
6. Пропп В.Я. Русская сказка. Изд. Ленинградского университета, 1984. -378 с.
7. Қасқабасов С. Жаназық. Әр жылғы зерттеулер. Астана: Аударма, 2002. -584 б.
8. Батырлар жыры 2 том, Алматы: Ғылым, 1961. Б.408.
9. Лебедева Ж.К. Эпические памятники народов Крайнего Севера. Новосибирск, 1982. С.12-69.
10. Қорқыт ата кітабы /Түрік тілінен аударған: Б.Ысқақов. Алматы: Жазушы, 1994. -260 б.
11. Липец Р. Образы батыра и его коня в тюрко монгольском эпосе. М.: Наука, 1984. -263 с.
12. Жирмунский В.М. Сравнительное литературоведение. Восток и Запад. – Л., 1979.
13. Бабалар сөзі. Жүз томдық. -Астана: Фолиант. 2008. Т.52: Көне эпос. -352 б.
14. Березкин Ю.Е. Африка, миграция, мифология. Ареалы распространения фольклорных мотивов в исторической перспективе. СПб., 2013. – 156 с.
15. Урманче Ф.И. Тюркский героический эпос. Казань: ИЯЛИ, 2015. – 448 с.

ТОТЕМНЫЕ ЗНАКИ МОТИВА ЖЕНИТЬБЫ ГЕРОЯ В АРХАИЧЕСКИХ ЭПОСАХ

Н.А. Мажиева

PhD докторант 1 курса специальности 6D011700-Казахский язык и литература
Казахский национальный женский педагогический университет,
Алматы, Казахстан, email: nmazhi72@gmail.com
Научный руководитель: PhD Н. Балтабаева

В статье рассматриваются героические события архаического эпоса. Сюжет архаической поэзии сочетается с разными событиями. Основная тема стихотворения - тотемные признаки свадебного мотива с героизмом - является самой древнейшей из эпических легенд, то есть одной из необычных тем, которые все еще нуждаются в изучении. Содержание стихотворения широко освещается в области вероисповедания,

мифических, тотемных знаков, и эта проблема является сложной в анализе фольклора. Исследования и темы отечественных ученых имеют разные направления, в связи с тем что работа рассматриваемая в других аспектах нашей темы находит актуальность. Желанный сын и избранная красавица в казахском эпосе являются образцами для молодого поколения.

Ключевые слова: *архаический эпос, типология, герой, мотив, тотем, вера*

TOTEM SIGNS OF MOTIVE FOR THE MARRIAGE OF THE HERO IN ARCHAIC EPICS

N.A. Mazhiyeva

PhD student of the specialty "6D011700 - Kazakh language and literature"

Kazakh National Women Teacher Training University

Kazakhstan, Almaty, email: nmazhi72@gmail.com

Scientific adviser: PhD N.Baltabaeva

The article discusses the heroic events of the archaic epic. The plot of archaic poetry is combined with different events. The main theme of the poem - totem signs and epic wedding motif with heroism is the most ancient epic legends, that is one of the unusual topics that still need to be studied. The content of the poem is widely covered in the field of religion, mythical, totemic signs, and this problem is a complex for the folklore analysis. Research and topics of domestic authors have different directions, due to the fact that the work considered in other aspects of our topic finds relevance. The coveted son and the chosen beauty of the Kazakh epos and example for the young generation.

Key words: *archaic epic, typology, hero, motive, totem, faith*

Редакцияға 10.04.2019 қабылданды